

АНА ТІЛІ

Ұн Таза

1990 жылғы
наурыздың 22-сінен
бастап шығады

Мәзін жүзді, мәйін сөзді , Мақсым ата

Мақсым Ата деген сөзді біз бала кезімізден ата-анамыздың аузынан естіп, сана түкпірінен орын беріп, әрі киелі, әрі қасиетті деп сақтап қойғанбыз. Мектепте оқып жүргенде бұл сөзді 70-80 үйден тұратын Ақеспе ауылының бүкіл үлкені мен кішісі бірдей қадір тұтатынын байқадық. Қазір қарап отырсам, Мақсым Атаның өзі, әкесі мен атасы біздің ел жақта өте сыйлы әулеттің өкілі ретінде саналып, әлі күнге дейін олардың мәңгілік мекені мен тірі кезінде ұстаған затын, дүниесін киелі мекен, киелі зат деп есептейді. Олардың әулеті – сонау патша заманында Орталық Азия қалаларының бірінен жоғары діни білім алып, ишан атанған, мешіт салдырып, халықты имандылыққа тәрбиелеген, медресе ашып, бала оқытқан, одан кейін кеңестік кезеңнің қуғын-сүргініне ұшырап, сотталған, атылған, ұрпақтары жан сауғалап, тарыдай шашыраған әулет еді. Соғыстан кейін сол әулеттің өкілі – Мақсым Ата елге оралып, өткен ғасырдың 50-70-жылдары шарифат жолымен жүріп, өле-өлгенше сол жолдан таймай өтті. Биыл, яғни 2024 жылы Мақсым Атамның өмірден өткеніне 50 жыл толып отыр. Атаның қайтқанына жарты ғасыр болса да, жергілікті халық оның үйін мешітке айналдырып, мәңгілік мекенін киелі мекенге теңеп, ал киімдерін қасиетті деп санап үйлерінің төрінде шаң тигізбей ұстап отыр.

Мақсым Ата туралы баяндамас бұрын, алдымен Мақсым сөзінің мәніне тоқталып өтсек. Қазақ тілінің «Диалектологиялық сөздігінде» бұл сөздің бірнеше түсіндірмесі беріліпті. Алғашқы екі мағынасы былайша берілген: 1) «Мақсым» – Жамбыл облысының Жуалы, Жамбыл аудандарында «бидай, тары көже т.б. дәнді егістен жасалатын ішімдік»; 2) «Мақсым» Қызылорда облысының Сырдария, Тереңөзек аудандарында – «суландыру арқылы өнетін дән» (Диалектологиялық сөздік. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. 800 бет. 499-б.). Осы сөздікте «Мақсым» сөзінің келесі мағынасын «Қызылорда облысының Қармақшы, Сырдария, Арал аудандарында «дін оқуындағы шәкірт» деп түсіндіреді. Сондай-ақ «Мақсым» – «Қарақалпақстанда адалдық, қайырымдылық, жақсы іс» дегенді білдіреді деп жазылады осы «Сөздікте». Филолог-мамандардың зерттеулеріне қарағанда, «мақсым» сөзінің түбі араб тіліндегі «мағсум» сөзімен байланыстырылып, қазақша аударғандағы алғашқы мағынасы – «қателеспейтін», «жаңылыспайтын» дегенді білдірсе, екінші мағынасы «күнәдан пәк», «таза» деген мағынада қолданылады деп түсіндіреді (Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. Алматы. 2017. 658 б.). Сондай-ақ «мақсым» сөзінің тағы бір түсіндірмесіне мамандар былайша дәлелдеп көрсетеді: «Мақсым» – парсы тіліндегі «махсан» сөзінен алынған, қазақша «адалдық, қайырымдылық, жақсы іс» деген мағына береді. Б.Қалиев: «Мақсым» – қайырымды, мейірімді, адал (адам)» деп одан әрі нақтылай түседі (Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2014. 728 б.). Осы келтірген түсіндірмелердегі «мақсым» сөзінің адамға қатысты жағының

бәрі де біз сөз етіп отырған Мақсым Атамыздың тұлғалық бейнесіне толық сай келеді және тұлғаның бар болмысын толық ашады. Ал «Ата» сөзіне келсек, оның да бірнеше мағынасы бар екені белгілі. Бірінші мағынасында бұл сөз он шақты туыстық қатынастарды білдіру үшін қолданылады. Ал екінші мағынасында «Ата» сөзі – «көне, ежелгі түрік дәуірінен бері әрі қолбасы болған, әрі ру, тайпа басқарған, әрі киелі қасиеттері бар рухани көсем болған тұлғалар есіміне жанама қосылатын атау болған». Мысалы, Адам Ата, Қорқыт Ата, Әлмерек Ата, Райымбек Ата және осылай жалғаса береді. Жоғарыда келтірген қасиеттермен бірге, тұлға есімінің жанында «Ата» сөзі жанама қосылуы үшін міндетті түрде тағы бір шарттылық болу керек сияқты, ол – сол тұлғаның ұзақ өмір сүріп, ұзақ жасауы, өз ортасында сыйлы болып, әдемі қартаюы дер едік.

Сөйтіп, Мақсым Ата дегенде есімізге өмірде қателеспейтін, жаңылыспайтын, адамдар арасында өзін таза ұстайтын, күнәдан пәк, адал, адамға қайырымды, мейірімді, дін жағынан өте білімді және әкесі ишанның жолын ұстап, сол жолдан бір сәтте айнымаған адам, әкеге шәкірт болған, сондай-ақ ұзақ жасаған адам түседі.

Мақсым Ата атанған атамыздың толық аты – Үмбетәлі, әкесінің есімі – Тілеуқұл. Халық Тілеуқұл ишан деп атап кеткен. Ал атасының есімі – Жүрсін. Ол кісіні де жергілікті халық Жүрсін ишан деп атаған екен. 2009 жылы жарық көрген «Ана тілі» газетіндегі «Тілеуқұл ишан» атты мақаламызда біз ишанның руы, тайпасы мен шыққан тегі және ата-бабалары туралы кеңірек айтқанбыз. Сонда ишанның ұлдары арасында Үмбетәлі есімін де атап өтіп едік («Ана тілі». 2009. 9–15 шілде. №27). Енді сол газеттегі мақаламыздан қысқаша үзінді келтірелік.

Реті келгенде айта кетелік, ел аузында кең таралған тарихи аңыз-әңгімелерде тайпалық бөлімшенің тармағына түпата болған Жақауды – ер жүрек батыр, Қарақыпшақ Қобыланды батырдың туған жиені деп айтады. Тіпті кейбір шежірелер Жақау батырды «хан Жақау» деп те жазады. Қазақ батырларының кейбіреуін шежіре мен аңыз-әңгімелерде «хан» деген лауазыммен беріліп жататынын талай рет кездестіргенбіз. Қазіргі кезде сол батырлар туралы жұмыс жазған ағайындар негізгі кейіпкерлерінің ерлік істерін баяндай келе, қызды-қыздымен оларды хан болған деп жазып та, айтып та жібереді. Оны оқыған, не тыңдаған адамның ойы сан жаққа шашырап кететінін айтпасақ та белгілі. «Ресми қазақтың ханы болып тұрып, батырлар қалай хан тағын иеленген?» деген заңды сұрақ кімді де болса мазалайтыны анық. Сол себепті де «Хан Жақау» деп кездесетін сөздерге қатысты түсіндірме бере кетелік.

Бұрынғы замандарда да, қазіргі күндерде де ерлік жасаған адамдардың мемлекет басшысы тарапынан марапатталатыны анық. Қазіргі кездегі марапаттаудың түрлері белгілі, ал Қазақ хандығы дәуірінде оның қандай түрлері болған десек, оған біз, ханнан алғыс есту, шапан кию, қару алу, олжаның көп бөлігін не бір бөлігін иелену немесе қалағанын алу сияқты түрлерін жатқызамыз. Ал шайқастың шешуші тұстарында үлкен ерлік жасап, шайқастың жеңіспен аяқталуына еңбек сіңірген қолбасшы-батырлар мемлекет басшысы – хан тарапынан арнайы марапатталып отырған. Сондай

арнайы марапаттың ең құрметтісіне – ханның ерлік жасаған қолбасшы-батырды бір сәтке таққа сыйлап отырғызуы жатады. Мұндай сый-марапатқа екінің бірі ие бола бермеген, сол себепті де таққа отыру құрметіне ие болған батырларды ұрпағы уақыт өте келе «Атамыз хан болып, таққа отырған» деп мақтан ететін. Мақсым Атаның арғы бабасы Жақау батыр да ерекше ерлігі үшін таққа отыру құрметіне ие болып, «хан Жақау» атанып кеткен. Шежірелерде хан Жақаудың бірнеше әйелі болып, олардан тоғыз ұл туған делінеді. Олар: Тінібек, Жақсылық, Аман, Түмен, Ноғай, Шоңай, Қасаболат, Малайсары және Шой атты аталар. Осы тоғыз ата Жақау тайпалық бөлімшесінің тармағына жататын сегіз руға түпата болып саналады. Мақсым Ата Малайсары тайпалық бөлімшесінен өсіп-өнеді. Малайсары өз ішінде Қойсары, Пішай, Қалматай және Қаражан (Абақан) болып төрт руға жіктеледі. Осы жолдардың авторы Малайсарының Қойсары бөлімінен шығады. Ал Малайсарының Қалматай руынан Наурызбай, Қарабас, Нұр, Сәмен, Бәсім, Шолан және Байкісі атты бөлімшелер таралып шығатынын жергілікті жерлердегі шежірешілердің бәрі бірауыздан мақұлдайды. Солардың ішінде Қарабас бөлімшесінен Ақпан, Жиенбет және Күнбарақ атты үш ру әулеті бой көтереді де, Күнбарақтан – Келімбет және Игілік атты екі әулет тармағы қанат жаяды. Келімбеттен Өтеген және Жүрсін атты екі ата таралады.

Келімбет атаның ұлы Жүрсін өз заманында ишан атанған ірі рухани көсем болыпты. Ол өте білімдарлығымен, ғұламалығымен Сырдың төменгі ағысы бойын мекен еткен жергілікті халық арасында танымал болған екен. Өкінішке қарай, Жүрсін ишанның діни білімді қай жерден алғаны туралы ешқандай дерек қолымызға түспеді. Дегенмен сол заманда, одан кейін де Сырдың төменгі ағысы бойындағы халық өкілдерінің Орта Азия қалаларынан, оның ішінде Бұхара, Самарқанд секілді ірі қалалардан діни мамандықтарды алатынын ескеріп, Жүрсін ишанның да сол жақтан білім алған деуге болады. Оның денесі Қызылорда облысы Қазалы ауданының Кәукей елді мекені жанындағы қорымда жерленген. Қазіргі кезде жергілікті тұрғындар оның қабіріне түнеп, зиярат етіп жатады. Жүрсін ишанның төртінші ұрпағы, қазіргі кезде Алматы қаласында тұратын 73 жастағы Қыдырбай ағамыздың айтуынша, 1970 жылы Мақсым Ата Кәукей ауылының қорымындағы атасы Жүрсін ишанның бейітіне қойылған құлпытасты жаңғыртып, қайта қойдырады. Қыдырбай ағамыздың жасы сол кезде 19-20-да екен. «Бір себептермен Кәукейге келгенімде атам осы істің басы-қасында жүр еді, мен де араласып, кірісіп кеттім», – дейді ағамыз.

Жүрсін ишанның жалғыз ұлы – Тілеуқұл ишан. Жоғарыда айтып өткен біздің «Тілеуқұл ишан» деген «Ана тілі» газетіндегі мақаламыз осы тұлғаға арналған еді. Тілеуқұл ишан 1854 жылы (басқа бір құжаттарда 1858 жылы деп көрсетіледі) Қызылорда облысы Қазалы ауданы Кәукей ауылында дүниеге келген. Әкесі Жүрсін ишанның бейіті осы Кәукей ауылының қорымында. Оның нағашылары – атақты Қожаназар ишан, Жанназар ишан екен. Қожаназар ишанның есімі Арал, Шалқар, Қазалы, Тереңөзек жақтағы тұрғындарға жақсы мәлім. Ол өз кезінде Шөмекей тайпасынан шыққан

Шалқар ишанның ұрпағы Маймақ ишанмен замандас болған. Қазіргі күндерде Қазалы қаласындағы мешіт Қожаназар ишанның есімімен аталады. Шежіре бойынша Қожаназар ишан да Жақау тайпалық бөлімшесіндегі Тінібек руынан таралады. Тінібектен – Тілес, одан – Атан, одан – Тоған, одан – Орақ, одан – Артықбай, ал Артықбайдан атақты Қожаназар ишан дүниеге келген.

Ал Жанназар ишанға келсек, ол 1878–1974 жылдары өмір сүрген, Арал, Қазалы, Шалқар, Ақтөбе өңірлеріне белгілі ірі рухани тұлға. Жанназар ишан 1904 жылы Арал ауданына қарасты Қамбаш бекетінде салынған мешітке имам болып көп жылдар қызмет еткен. 1943–1960 жылдар аралығында Ақтөбе қаласындағы орталық мешітке бас имам болған. Үлкен ағасы Қожаназар ишан секілді, Жанназар ишан да әулиелік, көріпкелдік қасиеттерге ие болып, әртүрлі ауру-сырқауларды, айықпас дертке шалдыққан жандарды, тіпті бала көтере алмай немесе баласы тұрмай жүрген әйелдерді емдеген. Мақсым Атаның түп нағашылары осындай кісілер болған екен. Мақсым Атаның әкесі Тілеуқұл ишан туралы кеңестік құжаттарда ол 1858 жылы туған, ірі бай-молда, хазірет болған және контрреволюциялық-панисламдық ұйымның мүшесі болған делінеді де, 1937 жылғы 12 тамыздағы Арал аудандық НКВД бөлімінің қаулысымен тұтқынға алынып, оған қарсы қылмыстық іс қозғалғаны жөнінде баяндалады. Сол материалдарда ишанға қатысты 1937 жылғы 15 қыркүйегінде айыптау қорытындысы шығарылып, оның ату жазасына кесілгені және сот үкімінің 1937 жылғы 21 қыркүйекте орындалғаны жазылады. Ал арадан жарты ғасырдан астам уақыт өткеннен кейін, 1989 жылғы 16 қаңтарда КСРО Жоғары Кеңесі Президиумы жарлығының негізінде Тілеуқұл ишан толық ақталады. Қазіргі күнде Арал ауданы Сексеуіл кентіндегі жаңадан жаңғыртылып, бой көтерген зәулім мешіт ғимараты Тілеуқұл ишан есімімен аталады.

Мақсым Атаның туған немересі, Алматы қаласында тұратын 73 жастағы Қыдырбай ағамыздың айтуынша, Тілеуқұл ишанның төрт әйелі болған екен. Бірінші әйелінен Үмбетәлі деген ұлы мен Бибіарша деген қызы болған. Екінші әйелінен – Жүсіп, Мұхамбеткәрім деген ұлдары, үшінші әйелінен – Суханберді, Әбубәкір атты ұлдары, төртінші әйелінен Физипа, Өзипа атты қыздары болыпты. Кейбір деректерде тағы Үлия, Салима атты қыздарының есімі кездеседі.

Мақсым Ата 1890 жылы дүниеге келген. Үмбеталиев Қыдырбай ағамыздың айтуына қарағанда, Мақсым Ата діни бастауыш білімді әкесі Тілеуқұл ишаннан алады. Ары қарай өз бетінше ізденеді, әкесінің кітапханасындағы бар кітапты оқып тауысады. Оның халық арасында «Мақсым» деген атаумен аталғанына қарап, діни барлық білім мен білікті әкесі Тілеуқұл ишаннан алған, сөйтіп, «діни білім алу жолында әкесіне шәкірт» болғандықтан, жас кезінен Мақсым атана бастаған деуімізге толық негіз бар. 1937 жылы әкесі Тілеуқұл ишан ұсталып, атылғанда Мақсым Ата 47 жаста еді. Отбасылы, бала-шағалы және бауыры мен қарындасы көп еді. Ол ұсталар кездегі әке аманатын орындауды өзіне серт етеді. Ол жан сақтау үшін бас сауғалап қашса да, жағдай түзелген кезде туған жерге, ағайын арасына оралу болатын.

Міне, осы кезден бастап әке аманатын орындау Мақсым Атаның мойнындағы аса жауапты борышқа айналады. Бір әулеттің үлкені ретінде іні-қарындастарына, елден бірге қоныс аударып келген жақын ағайын туыстарға бас-көз болып, оларды шашау шығармай, ертеңгі күндерге зор үмітпен қарайды. Бар арманы туған жерге оралу болады. Туған інісі Әбубәкір майданға алынып, одан 1942 жылы қара қағаз келеді.

Мақсым Атаның жалғыз ұлы Аймұхамбет өте дарынды, талантты болып өседі. Ол Самарқан қаласындағы өзбек-орыс мектебіне үздік тамамдап, Алматы қаласындағы зооветеринарлық институтқа түседі. Бұл оқуды да ишанның немересі өте үздік үлгеріммен оқып, ұстаздарының назарына ілінеді. Оқуының соңғы курсында Қазалының Кәукей ауылының Қымбат есімді қызымен шаңырақ көтереді. Қыдырбай ағамыз нағашым Кішкененің Жиеней руы деп мақтанышпен айтып отырады.

Нақты қай жылы екені белгісіз, Екінші Дүниежүзілік соғыс аяқталысымен Мақсым Ата басшы болып, туған жерге бет бұрады. Бірақ осы жерде тек туған бауырлар арасында ғана емес, сонымен бірге ағайын-туыс арасында да қай жерге барып орын тебу мәселесінде бірауыздылық бола қоймайды. Мақсым Ата туған жер – Арал ауданының Ақеспе, Сарбасат, Үшкөл ауылдарының бірін қаласа, туған інілері әкемізді ұстап берген туыстармен қалай бірге тұрамыз деп, Ақтөбе облысының Ырғыз ауданы жағын, Арал ауданындағы Сольтрест кентін таңдайды. Ал бір інісі сол Тәжікстан жақтан жылжуды жөн көрмейді. Тек еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана оның ұрпақтары Жамбыл облысының аумағына көшіп келді деген ақпаратты құлағымыз шалды.

Мақсым Ата алғашында Арал ауданының Сексеуіл стансасына көшіп келіп, кішігірім үй салып алады. Ал 1951 жылы Мақсым Ата туралы бізге ақпарат беруші Атаның туған немересі Қыдырбай аға дүниеге келеді. Ағамыздың дүниеге келуі, анасының «халық жауының» келіні ретінде істі болып, сотталуы, түрмеде болуы, Сталин өлгеннен кейін қана босап шығуы – жеке бір әңгіме.

Мақсым Ата Сексеуіл кентінде он жылдай тұрып, ұстанымын өзгертпей, Аллаға деген сенімінен еш ауытқымай, әке аманатына берік болып, мұсылмандық жолын жалғастыра береді. Сол кездің өзінде батысы – Ақтөбе, Шалқар, шығысы – Қазалы, Қармақшы, Қызылорда өңірінің аман қалған дін өкілдерімен немесе олардың жолын ұстанған ұрпақтарымен жасырын байланыс орнатып, өз араларында діни мәселелерді талқылап отырады. Қазіргі кезде Арал өңіріне шежіреші ретінде есімі жақсы танымал, алпыс жасқа жақында ғана толған менің кластасым Мұратбек Қуанышбаевтың айтуына қарағанда, Сексеуілде соғыстан кейінгі жылдары сталиндік қуғын-сүргіннен, жер аударудан аман қалған дін басылары – ишандар, молдалар, сопылар әртүрлі жағдайды сылтау етіп бас қосып тұрған екен. Ол айтады: «1980 жылдардың соңы мен 1990 жылдар басында Сексеуілде көнекөз қариялар көп болатын. Олардың кейбіреуі кезінде молда болған немесе молдаларға жақын болған, пікірлес болған адамдар еді. Олар өз әңгімелерінде Мақсым Атаның күнделікті өмірдегі жасаған іс-әрекеттері

туралы, айтқан өнегелі сөздері, тіпті шарифат бойынша шығарған пәтуалары туралы жырдай әңгімелеп отыратын. Біздің Ақеспедегі үйіміз Мақсым Атаның үйіне көрші болғандықтан, сондай-ақ біздер Мақсым Атамен ру ішіндегі аталас туыс болғандықтан, маған сексеуілдік шалдардың Мақсым Ата жөніндегі айтқан әңгімелері ұнайтын және мен оларды есімде жақсы сақтап қалуға тырысатынымын». Одан әрі Мұратбек досым былай деп айтушы еді: «Сексеуілде молдалар (бірнеше молданың есімін айтып еді, олардың есімдері есіме түспей отыр. – Автор) әртүрлі жағдайды сылтауратып бас қосқанда жай мәселелерді емес, дін үшін аса маңызды сұрақтарды талқылайды екен».

Мұратбек досымның Мақсым Ата туралы айтқан көп әңгімелерінің мына біреуі сол күйінде есімде жатталып қалды. Уақыт жағынан алғанда, шамамен өткен ғасырдың 50-жылдарының екінші жартысында немесе 60-жылдардың басы болса керек. Оқиға қазіргі Сексеуіл кентінде жұма күні бір үйде өтеді. Мақсым Ата сол жұмадағы намазға бір шаруаларына байланысты сәл кешігіп келсе керек. Үй ішіне енсе, молдалар мен үлкен қариялар бірге бір бөлмеде, соғыста бір аяғын жауға беріп келген сыйлы кісі екінші бір бөлмеде жалғыз намазға жығылып жатыр екен. Мақсым Атаның «Неге осылай жалғыз намаз оқып жатырсың, неге көппен бірге емессің» деген сауалына жалғыз аяқты ардагер: «Молда солай шешті», – деп айтады. Сол кезде намаз аяқталғаннан кейін онсыз да мінезі қаталдау атамыз одан әрі қатуланып, молдаларға қарап, олар шығарған пәтуаны бұзады да, өз шешімін былай деген екен: «Мына кісіге намазды бөлек оқытқандарың дұрыс емес, біріншіден, бұл кісі имам емес, екіншіден, бұл кісінің аяғының кемістігі табиғи туа біткеннен емес, үшіншіден, бұл кісі елі мен жерін жаудан қорғау жолында аяғын жауға қалдырды. Сол себепті де бұл кісінің көппен бірге намазда сапта тұруына толық құқы бар». Мақсым Атаның осындай ойға қонымды дәлелдеуінен кейін жаңағы кісі көппен бірге сапта тұратын болыпты.

Осылайша, Мақсым Атаның атағы мен абырой-беделі жергілікті халық арасында арта береді. Шамамен 1961 жылдары атамыз Сексеуілден көшіп, қазіргі Ақеспе ауылына келіп тұрақтайды. Атаның жасы ол кезде 70-тен асқан еді.

Ақеспе ауылы аудан орталығы – Арал қаласынан 110 шақырым қашықта орналасқан, теңіз жағасындағы ауыл болды. Ақеспе ауылында 1960 жылдары жүздей үй болды. Олар түп-түзу 2–3 көшені құрап, ауылдың сәнін келтіріп тұратын. Ауылда 7 жылдық, кейін 8 жылдыққа айналған орталау мектеп ғимараты, мектептің пионерлер үйі, мектептің шеберхана үйі, бастауыш мектеп үйі (1971 жылы біздер, 1964 жылы туғандар 33 ұл мен қыз сол мектепте бастауышты оқыдық), пошта, радиоторап, монша, медпункт, клуб, кітапхана, бірнеше дүкен, жеке электростанса секілді әлеуметтік-мәдени, білім беру сипатындағы мекемелер болды.

Міне, осы Ақеспе ауылына 1961 жылы Мақсым Ата Сексеуілден көшіп келіп, еңселі, биік жаңа үй салып кіреді. 1974 жылға дейін, яғни қайтыс болғанға дейін атамыздың өмірі осы үйде өтеді. Алдын ала айтып өтейін, Ақеспе ауылы теңіздің қайтуына байланысты көшкен құмның астында қала бастаған

кезде ауылдан 1–2 шақырым жердегі Есентүгел, Қосбелгі деген тегістеу жерге көшіп алады. Ал Мақсым Атаның үйін ақеспеліктер мешіт ретінде пайдаланып, өздері жөндеп, тазалап, күтіп отырады. Осылайша, ақеспеліктер үшін атаның салған және тұрған үйі киелі орынға айналып отыр.

Біздің Кәрібаевтар әулеті үшін Мақсым Атаның ерекше орны болды. Оның әкесі Тілеуқұл ишан 1937 жылы өзінің ұсталарын алдын ала сезіп, сол кеткеннен енді қайтып келмейтінін біліп өзінің меншігіндегі қолданып жүрген заттарын өзін қонақ еткен Сарбасат пен Үшкөлдегі ауыл адамдарына «көзімдей көріп, пайдаланыңдар» деп беріп кеткен екен. Кәрібай атамыздың үйінде қонақта болған кезінде Тілеуқұл ишан оған үш зат беріпті. Олар: егеу, қайрақ және он шелектей су құюға болатын темір бөшке. Ишан ұсталғаннан кейін атам Кәрібай сол заттардың екеуін тауып пайдаланған екен. Егеу мен қайрақ тастың бірін таппаған, ал тапқаны ауыл арасындағы көршілердің бірінің үйінде қолданыста жүріп жоғалған. Ал темір бөшке шаңыраққа мұрагер болған Кәрібайдың кіші ұлы Бақытжанның отбасында, одан кейін Бақытжанның шаңырағына мұрагер болып қалған Дәулет інімнің үйінде әлі күнге дейін қолданыста жүр.

Мақсым Ата Ақеспедегі үйінде ниет еткен үлкендерге де, жастарға да арабша тіл сындыруды, Құранды оқуды үйрете бастайды. Атаның емшілік қасиеті де болады. 1938 жылы туған Ақбаршын Кенжеғұлова анамыз Ақспеге 1956 жылы келін болып түседі. 1961 жылы үшінші баласын босанғаннан кейін бір ауру жабысады. Түсіне Мақсым Ата еніп, «Маған кел, емдейін» деп аян береді. Қорыққан жас келін бара қоймайды. Екі айдай уақыт өткеннен кейін ғана, ауру әбден күшейгеннен соң барған екен. Бірінші барғаннан-ақ емдеп, Мақсым Ата: «Қызыл тіл жабысқан екен, енді маңдайына шаң тимейді. Қара қайратыңмен бағың ашылады», – деп батасын берген екен. Ақбаршын анамыз 10 шақты ұл-қыздың анасы, жасы бүгінде 87-ге қарады. Арал ауданы Қосаман ауылында тұрады.

Тағы бірде ауданнан келген өкіл мен ауыл белсендісі ауылдық радиотораптан атеистік тақырыпта хабар жүргізеді. Сонда олар: «Құдай деген жоқ, Үмбетәлі шалдың айтып жүргені өтірік», – деген екен. Сол туралы біреулер Мақсым Атаға айтып келгенде: «Маған тіл тигізгенді Құдай кешірсін, ал Аллаға тіл тигізгеннің тілі кесілсін», – деген екен. Арада бір күн өтпей жатып, айтқан адам шынымен де жол апатына түсіп, тілі тістеп, кесіп алыпты. Мақсым Атаға қатысты мұндай оқиғалар Ақеспе өңірінде көптеп айтылады.

Бала кезімізде үйге қонақ шақырғанда, әкеміз алдымен Мақсым Атаға айтқызатын. Атаның көзі көрмейтіндіктен, оны үйге ертіп келу үшін көшенің басқа жағында тұратын үйінен қолынан ұстап, ертіп келетінбіз. Атаның бойы ұзын, тіп-тік, басында тақиясы, сырты шалмамен оралған, үстінде аппақ шапан және кеудені жапқан аппақ сақалы болатын. Менің санамда Мақсым Атаның сыртқы бейнесі осылай сақталып қалды. Бір қолында таяғы, екінші қолымен менің алақанымнан ұстаған күйі, үйге жеткенше сұрақ қойып, мен жауап беріп келемін. Үйге келген соң басымыздан сипап шын көңілмен батасын береді. Үйдегі төр, әрине, атанікі. Ол жерге ешкім отырмайды. Қолға су құяр кезде үлкендер бірден атадан баста деп үйретеді. Атаның батасын

алғанға біз мәзбіз. Өйткені үйде де, мектепте де біздерді үлкендерден бата алыңдар, жаман болмайсыңдар деп үйрететін. Ал Мақсым Атадан бата алу біз үшін ерекше құрмет сияқты болып көрінетін. Қазір қандай болсақ, сол атадан алған баталардың қабыл болуы деп ойлаймын.

Мақсым Атаның тұлғалық бейнесін мәңгі есте сақтау мақсатында оның есімімен Арал қаласында, Сексеуіл кентінде бір көшені атаса, нұр үстіне нұр болар еді.

Берекет Кәрібаев,
академик,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің профессоры,
тарих ғылымының докторы